

ISSN 1811-1815

# ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



4'2007



ПМУ хабаршысы  
Вестник ПГУ

**ГУМАНИТАРЛЫҚ СЕРИЯ**

УДК 94 (574.25)

## СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ, ПАВЛОДАР УЕЗИНЕ ҚАТЫСТЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН СИПАТЫ

Ә.Қ. Елемесов

Павлодарский государственный  
университет им. С. Торайгырова

*В данной статье даются сведения об восстаний очагах крестьян Павлодарского уезда, которые были против I мировой войны, а также против «июньского» указа 1916 года «об инородцах».*

*Атаулы мақалада Патшаның I д.ж.. соғысқа және 1916 ж. «маусым» жарлығы бойынша буратана халықты қара жұмысқа алуға қарсы Павлодар уезіне қатысты шаруалардың көтерілістері мен ошақтары жөнінде мәліметтер беріледі.*

*In this article are given materials about uprising and centres of Pavlodar uyezd peasants, who were against World War I, as well as 'June' decree of 1916 year about 'foreigners'.*

XX ғасырдың I жартысы қазақ халқының ауыртпашылық кезеңдерді басынан кешіп, бостандық, азаттық үшін ботадай боздап келген аумалы-төкпелі уақытпен алмасып отырды. Солардың бірі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Басты себептерінің бірі - Ресей самодержавиесі бұған дейін халқымызды I жарым ғасырдан астам қоластына бодандық, қалаберді отаршылдық қыспағына алғанымен қоймай, озбырлық өрекетінің өрістей түсуі.

1914 ж. 1 тамызда басталған бірінші дүние жүзілік соғыс барысында, ер азаматтарды бірінен соң бірін әскер қатарына немесе тыл жұмыстарына мобилизациялау кесірінен

ауыл шаруашылығы жұтап, тез арада егістік жерлердің көлемі қысқарады. Онымен қоса бар қалған шұрайлы жерлерінен қазақтарды ығыстырып, өзге ұлт өкілдеріне үлестіру де жалғасын тауып жатты. Соғыс ауыртпалықтарының Қазақстанда жұмысшы және шаруалар қозғалысының өрлеуіне түрткі болып, соғысқа, қымбатшылыққа және жақындап келе жатқан ашаршылыққа қарсы шығуына себеп болды.

Осындай өңірлердің бірі Далалық генерал-губернаторлығына қарасты Семей облысының, Павлодар уезіндегі көтеріліс ошақтары. Көтеріліс болған аймақтарды көбінесе Семей облысы мен Омбы генерал-губернаторлығы арасындағы жүргізілген іс-қағаздар (баяндама, жеделхат, анықтама т.б.) арқылы білеміз.

*1914 жылдың 14 сәуірінде Семей облысының соғыс-губернаторы Чернцовтың Омбы орталығына жіберген баяндамасында:* «Далалық генерал-губернаторына қатысты Павлодар уезінің Далба болысында қазақтар, уездік әкімшілікке қарсы шабуыл жасап, қару-жарақтарын тартып алып жатыр. Ең белсенділік танытқан Екібастұздық және Екібастұз-Ермак темір жол жұмысшыларының ереуілдері болды. Жұмысшылардың мұндай өрекеттеріне қарсы оларды жұмыстан босатып, дәрекілік және көтеріліске қатысқаны үшін, олардың құжаттарында «құрметсіздік» атты белгі-жазумен таңбалап отырмыз» деп жеткізеді. Бұл жерден біз Қазақстанның өзге де аймақтарындағыдай еңбекшілер мүддесінің ескерілмей, жұмыс уақытының ұзартылып, өлеуметтік езгінің күшейгенін байқауға болады [1, 242 б].

Екібастұз кеніштерінің еңбекшілер ереуілі 1915 жылғы маусым айына дейін жалғасын тапқан болатын [2, 142 б].

Көтерілістің шығуының басты себебі өлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді.

Қазақстан тарихы очеріктерінде сол кезеңге байланысты: «1916 ж. ортасына таман қазақ халқынан тартып алынған жерлердің көлемі 45 млн. десятинаға жетті. Соғыс шикізатты, азық-түлікті, малдың және басқа материалдық байлықтардың орасан зор мөлшерін жұтып жатты» деп жазылуы, шынында мәселе төңірегі шегіне жеткенін көрсетеді [3, 288 б].

Патшалық Ресейдің саясаты мен оның жақтастарының жүргізіп отырған айла-амалдарына, қарапайым шаруа халықтың ашу-наразылығы 1916 жылғы 25 маусымдағы «Патша жарлығына» сай ушыға түсті. Жарлық бойынша қарапайым бұратана халық ішінен 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтарды қара жұмысқа алу белгіленді.

Дала өлкесінің генерал губернаторы Сухомлинов маусым айында патша жарлығы қабылданысымен Семей, Өскемен, Павлодар қалаларынан мобилизациялық шақыру пунктерін ашты [4, 2 б].

Ер азаматтарды қара жұмысқа шақыру жарлығы шыққан соң, артын ала Өскемен уезінде, кейін қазақ ауылдары қоныстанған аймақтарда кең түрде көтерілістер етек алды. Атап айтсақ Зайсан, Өскемен, Қарқаралы және Семей облысы, Ақмола және Атбасар облыстары, Том губерниясы, Бииск уезі, Қос-Ағаш ауданындағы толқулар.

Тамыз айында Далалық генерал-губернаторлықта, сол уақытта Семей облысы бойынша уездер (Семей, Өскемен, Қарқаралы, Бұхтырма, Зайсан, Павлодар) 19 бен 31 жас аралығындағы қазақ азаматтарынан 85479 адам алынуға тиісті болса, күзге қарай осы тізімнің аз ғана бөлігі 1/3, шақырылып, қалғандары мойын ұсынбады [5, 40 б].

*1916 жылғы 18 шілдеде Семей соғыс губернаторы Ф.Ф.Чернцовтың далалық генерал-губернаторы (Омбы қ.) Н.А. Сухомлиновке көтерілістің бастамасы жөніндегі жеделхатында: «Қарқаралы мен Павлодар уездерін ара-*

лағанда өңір әсерім мен телеграф арқылы түсіп жатқан хабарлар бойынша жалпы жағдай мынадай деп хабарлауды міндет санаймын: барлық қырғыз халқының толқуы күшті, әсіресе облыстың оңтүстік және шығыс жақтарында белен алуда. Мұның арты немен тынарын болжау қиындау. Жоғарғы шенеуніктер мен кей ақсақалдар көтерілісті болдырмауын түсініп жоғарғы үкіметке бағынуға шақырғанымен, бірақ көп жағдайда бұхара халыққа бұлардың күші жеткіліксіз» деп, көтерілісшілерді жабайы, әрі тұрпайы іс-әрекеттерімен жеткізеді. Тез арада шаруа казак қоныстарының қауіпсіздігі үшін арнайы шаралар қолданып, әр аймақта казак әскери бөлімдерінің құрылуын сұрай келе Семей облысының сол сәттегі жағдайын қысқаша баян етеді: «Бұған дейін Зайсан уезінің шекарасында және қаланың өзінде жасақ бөлімшелері бар және олар өз орындарында қалуын нақты сұраймын. Өскемендегі көтеріліске жартыжүздік Семейден шыққан болса, жартысы қалдырылды. Ендігі кезекте жолға шыққан жартыжүздік әскерилерді Қарқаралыға аттандырып, жартыжүзін мүмкіндік болса Павлодарда қалуын сұраймын. Егерде жасақтар орыс қоныстарының қауіпсіздігіне қажет болмаған күннің өзінде, жергілікті басшылар мен дөрігерлердің жеке басының қауіпсіздігі үшін қажет деп табымын» дегендей орыс шаруаларының қауіпсіздігін ескеруді жіті қадағалайды [6, 550 б].

1916 жылы тамыз айының аяғы мен қыркүйек айының 15 күні аралығындағы Омск әскери округінің штаб бастығы А.А.Таубенің көтеріліс барысын Семей және Ақмола облыстарында 7 шілде мен 6 қыркүйек аралығын қамтыған анықтамада:

«Тыл жұмыстарына шақыру жөнінде жоғарыдан үкім 29 маусымда келіп түсті. Қара жұмысқа шақырылғандар ішінен көп бөлігі Семей және Ақмола облыстарынан бол-

ды. Осы аймақтарда көтеріліс бола қалған жағдайда, оны басу үшін патша әскерілерінің ара қашықтары едәуір алыс еді. Осы мақсатта қазақтар арасында бірге өмір сүріп келе жатқан казак жасақтарын пайдалану көзделді» деп жеткізді. Орыс халқын қазақ көтерілісшілерінен қорғап қарсылық көрсететіндер қатары негізінен Сібір казактарынан тұрғанды. Ауылдық елді-мекендердегі көтерілісшілерді басып жаныштау үшін жер-жерде казак әскерілерінен жүздіктер құрылса, осындай жүздіктер қатары Көкпекті, Қарқаралы, Баянауыл, Павлодар, Ақмола және Атбасарда жасақталынады [5, 490 б].

Ақмола, Семей облыстарындағы көтерілісшілерге қарсы генерал Ягодкин басқарған 2 атты жүздік, күшейтілген II жаяу әскер ротасы жіберілді [7, 242 б].

Жүздіктердің құрылуының арқасында қазына шығыны едәуір азайды. Себебі алыстан әскер жинап өкеліп орналастыру біршама қиындық туғызатыны хақ. Жергілікті жүздіктерден алынған казактар әскер құрамына шығынсыз еңгізілді [5, 492 б].

1916 ж. шілденің 19-да Далалық өлкенің генерал-губернаторы Сухомлинов көтеріліске қатысқандардың іс-қағаздарын әскери сотқа өткізіп және оларды өлім жазасына кесуді хабарлайды. Колониялды өкімет ұлттың жоғарғы табын өз жақтарына қарату үшін мобилизациядан болыстық, селолық және ауылдық басшылар, атқамінерлер, молла, имам, бай, кіші полейцейлік шендердің адамдарын босатуды көздеді.

Мобилизация барысында болыс басқарушылары шаруа халықты еш бақылаусыз тізімін саудаға салып, халықтың наразылығын өршіте түсті [4, 41 б].

Қазақ арасында ол кезде тууы туралы куәлік болмайтын, баланың туған уақыты тіркелмейтін. Мұның өзі байлар мен болыстардың басқа да қызмет орындарының

тәртіпті бұзып, халыққа жөбір жасауына соқтырды. Олар пара алып, бай балаларын солдатқа алудан босатып, олардың орнына кедейлердің жасы жетпейтін балалары мен жасы асқан көрілерін салып жіберді. Сонымен қатар байлар өздерінің балалары мен жақын тумаларының орнына кедейлерді жалдап алуға ерікті болды. [5, 499 б.] Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25-30 жастағы бай балалары 50 жастағы болып жазылады. [8, 266 б.] 26 шілдеде Семейдің соғыс губернаторы Ф.Ф. Чернцовтың Омбығы жіберген жеделхатының бірінде Павлодар уездінің Мұздыкөл болысында қазақтар хатшыны соққыға алып, тізімді жоюды сұрағаны жөнінде баяндама алғанын жазады [5, 553 б.].

Қазақ еңбекшілерінің ашу-ызалы толқуы өздерін қанаушыларға қарсы көтеріліске ұласты. Қолына не түссе, сонымен қаруланған ызалы халық патша өкімдерімен болыстарға, старшиналар мен стражниктерге қарсы тұрды. Көтерілісшілер әсіресе жек көрінішті болған шенеуніктердің үйлерін, болыс кеңселерін өртеп, іс қағаздарын, солдатқа алынғандарын тізімін жойып жіберді. Мысалы, шілде айының өзінде-ақ Павлодар уезінің Ақмола уезімен шектес екі болысында көтеріліс бұрқ етті. Ақкөл болысының көтерілісші қазақтары 1916 жылы тамызда болыс кеңесінің іс-қағаздары мен тізімді жойып жіберіп, болысты оның писарі мен старжнікті тұтқынға алған. Көтеріліс сарыны ел ішінде кең қанат жайды. Тамыз айының бас кезінде Осипов купецтің тұз кәсіпшілігі жұмысын тоқтатты. Баянауыл ауданы территориясындағы гидротехникалық ұжымның жұмысшы қазақтары, Екібастұз бен Майқайынның кеншілері де үн қосты. [4, 2 б.]

Қара жұмысқа алу қатары кейінге шегерілсе де, осыған қарама-қайшы көтеріліс толқулары әрі өрши түсті: көтерілісшілердің талабына сәйкес 25 маусымдағы пат-

ша жарлығы өз күшін жою керек болды. Зайсан өңірінің уезд басшысының айтуы бойынша: «Еш бір қазақ көзге түспеді, барлық шақырылғандар тығылып немесе Қытайға көшіп жатыр Баянауылдықтар Павлодар уезіне қарай ағылуда».

Павлодар уезінде қазақтар тұзды кемеге артуды тоқтатқандықтан Том және Тобыл губерниялары тұзсыз қалу қауіпі бар. Сонымен қатар гидротехникалық жұмыстар Баянауыл ауданында тоқтатылады. [5, 499 б.]

Патша үкіметі көтерілісті басудың жедел шараларын қарастырды. Сол жылдың 20 тамызында жазаланушы жүздік құру үшін Омбыдан жасауыл Щестаков келді. Патша үкіметі шын берілген казак таңдауларынан құрылған жазалаушылардың кешікпей жергілікті халық күшімен қақтығысуына тура келді.

*1916 жылы қыркүйектің 25 – де Омск әскери округінің штаб басшысы А.А.Тaubенің Семей және Ақмола облысындағы көтерілістің даму жөнінде генерал штаб басшысы П.И. Аерьяновқа жіберген теллеграммасы:*

Омскіден Петроградқа

Осы хатта жазылғандай Павлодар уезінде Семей облыстық қазақтардың толқулары күшейді, Баянауылға жіберілгендер қазақтармен қоршалып сандары шамамен 4 мың шамасында.

50 шақтысына 5 рет оқ атуға тура келді. Ішінде жараланғандары бар, бірақ олардың санын біле алмадық. Баянауыл төңірегінде қырғыздар (қазақтар) орманды өртеуде, Баянауылда тағы да 50 адам жинауға тура келді [сонда, 497 б].

Қыркүйек айында 1916 ж. Хасен Ташенов және Әшірбек Шодарбаевтардың басшылығымен 200 далалықтар Павлодар уезінің, Ақкелін болысындағы Шормановтар ауылының 4 мың бас жылқы үйірлеріне шабуыл жа-



сады. Павлодар уезінің 5 учаскесі бойынша Шорманов өз рапортында шаруа басшысына былай деп хабарлады: «Мен өз дүниеме қауіп төніп тұрғанға аландаудамын, көшпелі халықтың көңіл-күйі нашар, менің жұмыскерлерім бәрі кетіп қалды. Мен тіпті жұмыскерлерсіз қалып, қазіргі таңда мал басы белгісіз қырғыз-қазақтардың талан-таражына түсіп жатыр». [5, 40 б.]

Савиновтың мақаласында бұл уақиға былай деп баяндалады: 1916 жылғы 17 қыркүйекте уездегі ықпалды байлардың бірі Нүркеш Шорманов уездік басқармаға былай деп хабарлады: 17 қыркүйек күні сойыл, шоқпармен қаруланған екі жүздей адам, бірінші, төртінші ауыл тұрғындары Хасен Тасжановтың, Әшірбек Чоларбаевтың, Жақия Жанғожайұлының, Көкі Кереевтің, Жөнәбіл Бақаевтың, Сасынай Досбековтың, Жұмабек Айнабековтың бастауымен Садуақас, Жөміл, Қабыш, Аспандияр, Зында Шормановтар жылқысына тиіп, төрт мыңдай жылқыны айдап кетті. Осыны хабарлай отырып, сізден жағдайды Семей губернаторына хабарлап, бұдан былай Шормановтар мүлкіне шабуыл жасауды тоқтатуды сұраймын. Егер дер кезінде қатаң жаза қолданбаса өзіңіз басқарып отырған учасқтағы болыстар мен көрші ауылдарда жаппай талан-тараж басталып кетуі мүмкін. [2, 2 б.]

Павлодар уезінің Қызылтау болысында Ағыбай Көкібаев басшылығымен 80 жігітті Торғай өңірінде бірлесіп шабуыл жасауға және бірігіп күрес жүргізуе аттандырмақшы болды. Бірақ оның жасақтарына сол арада, Павлодардан келген жазалаушы отряд көтеріліске қатыспақшы ақкеліндіктерді таратып жіберіп, бірнеше жігіттерін өлтіреді [4, 40 б.].

21 қыркүйек пен 3 қазанда жазалаушы отрядтармен қанды ұрыс Алабас елді мекенінде және ірі қақтығыстар Қаратор елді-мекенінде болды. Кейін қыркүйектің

29 –да көтеріліс Ақкелін, Далба болыстарында жалғасты. Савиновтың аудармасында: «Садуақас Шормановтың үйіне түскі уақытта жеке-жеке топ болып шабуыл жасады. Бір тобы шамасы 1500 – дей адам Ащы өзеннен өтіп, Шорманов үйінің батыс жағына екі шақырымдай жерге жайғасты. Екінші топ шығыс жақтағы биік төбеге жиналды, үшінші топ оңтүстік батысқа Садуақас Шормановтың екі қыстауын паналай орналасты. Төртінші топ Шормановтар бейіті жағынан қалың жылқыны алдына айдап жылжып келеді. Сағат үштің шамасында қылыш, мылтықтан, айбалта шоқпар, сойылмен қаруланған екі жақ қатардағы топтар шашырай жайылып, Шормановтың үйіне лап қойды. Прапоршик Чукреевтің командасымен бірнеше қайтарып оқ атылғаннан кейін Оңтүстік Шығыс жақтағы топ жаралылары мен өлгендерінің алып кейін серпілді. Осыдан кейін алдына жылқы салып келе жатқан солтүстік шығыс жаққа оқ жаудырылды. Тоғыз адам, бес жылқы өлді. Бұдан кейін шабуылшылар кейін шегінді. Шорманов усадьбасының алды, артына бекінгендерге оқ атылып, шабуыл тойтарды. Көтеріліс күшпен басылғаннан кейін жазалаушылар отряды белсене қатысқандарды тұтқындап, қазақтарды майданның кара жұмысына жөнелтумен шұғылданды. Бұл іске байлар, билер мен молдалар көп көмек көрсетті. Шорман тұқымының байлары әсіресе белсенділік көрсетті. Солардың айтуымен Ақ келін, Далба, Баянауыл болыстарының көтеріліс басшыларының көбі тұтқындалды».

Қазақтардың қару-жарақтарынан айбалта, кейбіреуінде аң аулайтын немесе бердан жүйесіндегі мылтық қарулары болды [2, 2 б].

Көтерілісшілер қолбасшысын қазақ-жасақтары арасынан өздері сайлайды. Олардың кейбіреуі ұсталғанымен кейбіреуі қашып үлгерген [5, 493 б].

Жалпы саны Қазақстанда 40000 адам мобилизациялауға ұшырады. Бір ғана Павлодар уезінде шамамен 4 мың қазақтар көтеріліске қатысты. [4, 41 б.] Қазақ халқының осындай реакциялық әрекеттері С.Мұқановтың «Ботагөз» романында орын алған. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жеңіліс тапқанымен, патша жарлығының орындалуына кедергі болды. Кереку-Баян өңірінің сол кезеңдегі шиеленістері таптық қайшылықтармен ұштасып сипатталынды. Азамат соғысы жылдары шаруалар күресі Кеңес үкіметі жағында өрі қарай жалғасаты.

«Күрделі оқиға және белгілі бір ретте қайшылықты болған Қазақстандағы 1916 ж. көтеріліс қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстар жылнамасының жарқын парактарының бірі. Ол әлемдік империалистік соғыстың шиеленіскен уақытында, Ресейде шаруалар мен жұмысшылар қозғалысының белең алған уақытында өтті» - деп Ж.О.Артықбаев өз еңбегінде түйінге қосады [9, 117 б].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мария Тереник. Павлодар: это нашей истории строки. Часть 1. (1720-1945 гг.) 2-е издание. – Павлодар. НПФ «ЭКО», 2001 г.-292 с.
2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994, 192 б.
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. (Очерк) Алматы «Дәуір» баспасы. 1994. 446 б.
4. Савинов О. Халық қаһары. // Қызыл ту. №2, 1970 ж.
5. Шевченко С. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть-II. XX – век. Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2000 г. – 240 ст.
6. Восстание 1916 года в средней Азии и Казахстана. Сборник документов. Издательства Академии Наук СССР., Москва, 1960 г. 560 ст.

7. М.А. Асылбеков, Қ. Алдабергенов. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының зардаптары. Павлодар: «Университет баспа орталығы», 2003 – 369 бет.

8. Ибрагимов Ж. 1916 ж. Ұлт-азаттық қозғалысы: (Хандық билік мәселесі.) // Ақиқат – 1999, №9, - 87 б.

9. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы (90 сұрақ және жауап). Астана, 2004. – 147 б.